

ШУАКТЫ КЕЗЕН



Назиша

Қыстаубаева Зұбайра



ШУАҚТЫ КЕЗЕН




Алматы 2018 жыл





Біз Тұрған жағажана (1961-1965)

7



Білім аяғын училище көрпесі (1961-1965)

*Училище директоры
Ұлмекен ыбырарайқызы Рысбекова*



ЖАҢА КОРПУС



М. МӘМЕТОВА
АТЫНДАҒЫ
ҚЫЗЫЛОРДА
ГУМАНИТАРЛЫҚ
КОЛЛЕДЖІ



Оқуғанаралының сыртқы көрінісі 1967 жыл

Академик Бурмистров

Зубарев. Сенің оң ыншудаңыз
Берлесүү сөз-сөз наразылар айы-
шырынан түшүнүүдөн кийиндеңгейлік
науқарда берүүнүн мисалдарынан
Кон аныктай, көн бириңиз таң,
Соңгылардың маңыздыларынан
Онын чының Назареттеги Күннөр
енгизүүдүн үйлөнүүдөн дарын-
мисалынан, онын ыңғылчылыктын
башталышынан, үйлөнүүдөн Зәйнүллік
түрдүүсүнүн оозан жеке мисалынан
Баронның аны, анындаңыздаңыз
герлік түрдүүсүнүн аны, анындаңыздаңыз
жеке мисалынан, оозан жеке мисалынан
Баронның аны, анындаңыздаңыз

Ни, сен шамалтак орнаның, иң
бүгүй аймактың сабаки, сен аны
еси, сонисек заман көзегендегі
Түрк хүннің геометриялық сабак
Чемніңде Сапаров есіммен
ней ғанаң үчкелдіккіншілік жаңы
сонаға сенің шаудаңда оле,
Баңғынан синең да? Нәне да
оз майдандағы майдаронда са-
да, түркен оз ажырданда о
нағын да? Ни, одан ишкі оз
миңде баңғынан да. Радиет.
Сенің арнаның шаудаң түркен
хөзір, күннің шаудаңында иш-
кін сөзек аз бөтінде дары-
шамалтадай сүйкінді орна-
ластырудың шамалтасы! Сөзекі
бүгүй алғаның! Дастаның да
оинең көзінде да.

merus agipicellus r. Kopja.
22 aprile. 4/2/2 go scopate
1965 M. Gasterole



Чтобы избежать засухи!
Мне придется поглощать водопровод-
ную воду из озера Еланчиков
чтобы избежать засухи - кон, нех-
ай я покажу вам воду из озера.

Будайка! Оса З-Оргата көнсө зама
күнгөн сүйнэлттэй. Мисс
э-с ав-ан бүрэлж ашиглажээ.
Нэгэн замынхан дахаа наса-
зан узлони дөслүүн!

Білій буржум сірі біліншізді шахса-
шахташ де, білеселіншіде егін.
Білікін шахшемшіхор, шахшемшіх-
тан осын үзгелешсе болғод.

Мисс, соле шамоңдағы орындар
богумын да, шағаншын, кесін-
ни көздеңдегі болшак келешкелі

Они занимались в основном
личие кого, кроме тех, кто
зародил члены племени.
Несколько единичных случаев
занимаются в основном
личные интересы как
личные интересы супружеской пары
или даже членов племени.
Несколько членов племени
занимаются в основном
личные интересы супружеской пары
и не только им, но и членами
племени. Всего же из 1000
членов племени это
меньшинство. Но это
меньшинство из 1000
членов племени. Из 1000
членов племени
всего же из 1000
членов племени

Забайраның «Естелік дәптерінін» үзінділер...

Достарым жайлы үзік сыр

Достарым жайлы жазылар, айтылар әңгіме көп, төрт жыл бірге білім алдық, жатақханада бірге тұрдық, қыз болып бой түзедік, жақсы-жаманды ажырата білдік, қарапайым адами қағидаларды бойымызға сініріп өстік. Ол кез өткен ғасырдың 60 жылдары Хрущевтің заманы еді. Жүгері нанды бөліп жеп, кешкісін қара шәйнекпен ауылдан келген дәмдерімізді шығарып, күліп-ойнап, әзілдесе отырып шәй ішетінбіз. Жаңылдық Арадың майы тамшилаған қаяз балығын, Балхаштан Жұман мен Нағима ысталған жылкы етін. Талдықорғаннан Нұрзипа мен Естайдың женті, құрт-майы, ши бауырсағын жеп бір желпініп қалатынбыз. Тінті ауылды сағынып, үй тамағын аңсаған қыздар кезекті-кезексіз Жаңылдың (Ұзақбаева) үйіне баратын. Оның ата-анасы кеңпейіл мейірімді, қабағы ашық, ақ көңіл жандар еді. Үйдегі “бар тәттісін” алдымызға қоятын. Олар бұл күнде бақылық болған, иманы жолдас болсын... Біз ешқашан жеке-дара жүрмеуші едік, киноға да, концертке де, жиынға да тіпті моншағы да топталып баратынбыз. Қайран жастық уақыт-ай...

Атақты композитор Шемші Қалдаяқов 1962 жылы Қызылордаға келіп, біздің училищеде оқушылармен кездесу өткізді. Ол кісінің қасында бір топ өнерлі жастар, ақындар. Асқар Тоқмағанбетов, Мұқтар Шаханов, Зейнұлла Шүкіров т.б. белгілі кісілер келіп, бізді қуантып тастанды. Осы сапарында Шемші ағамыз Сыр халқына арнап «Сыр сұлуы» әнін дүниеге әкелді. Оның тұңғыш орындаушысы – менің курсас досым Зияш Жәлиева еді. Қазіргі А. Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйінде қала жүртшылығымен кездесу өтіп, осы «Сыр сұлуы» әні тұңғыш рет халықта тарады.

Қазір менің алдында параптарты сарғайған, мұнан 53 жыл бұрын жазылған естелік дәптер жатыр... Мұнда достарымның маған арнап жазған сөздері бар. Естелікке бірінші болып Жұман, Бақыт, Роза тілектерін жазыпты. Жұман екеуміз бір кісілік керуетте төрт жыл бірге жаттық. Одан әрі Роза: «Тым біл болма, аяғыңың сынар, тым аласа болма, тебене әркім қонар», - деп жазыпты. Қандай тамаша, әлі күнге дейін мағынасын жоймаған ұлағатты сөз. Қайран досым, өмірден ерте кеткенінді естіп, қиналдым. Жаңың жанатта болсын, аяулы құрбым...

Параптап отырмын... Үмбетова Жаңылдық, Ержанова Базарқұл, Жәнтенова Гулсарапардың сөздері бар. Жан-жақтан оқуға келген қыздардың бір-біріне бауырдай болып, енді оқу аяғында қимас көңілдерін маржандай жазулармен арман-тілектерін қалдырыпты. Гүлсара: «Біз кездесіп тұрдымыз, облысымыз бір ғой» - деген екен. Иә, расында кездесіп тұрдық, оның үстіне қазір Алматы қаласында тұрғандықтан қуаныштарымызда да бірге болып жүрміз. Гүлсара топ жетекші болып, өзінің ақылы арқылы артықшылығын көрсетуші еді. Өмірде де солай парасатты, адамгершілігі мол екендігі әркезде байқалады. Отағасы Төлеген екеуі мәуелі бәйтеректей көрінеді маған. Менің жұбайым Сәбитпен төртеуіміз бірге қосылып әзіліміз жарасып, арқа-жарқа болып қаламыз.

Әрі қарай Қарамолдаева Тамара жазыпты. Ол мінезге бай, кеңпейіл, досқа адал, сабырлы екені бірден ойыма оралып, көз алдыма елестеп кетті. Тамара басқалардан ұзақтау, 6 бет естелік қалдырыпты... Екеуміз Сырдария өзеніне шашымызды жуу ушин су әкелуге барыппыз, 2 шелекті жағаға қалдырып, дарияның төменгі ағысын жағалап,

қызықтап келсек, шелек орнында жоқ. Біреу алып кететіндегі уақыт та болған жоқ. Клавдия Михайловнадан (комендант) шелекті жоғалтсақ ұрыс естіміз. Аң-таң тұрсақ дария жақтан «Қыздар!» деген ер адамның дауысы шықты. Сөйтсек, екі жігіт қайықта отыр, шелек қайық ішінде жатыр. Алғашында шелекті көріп қуандық. Артынан қорықтық. Олар: «Шелекті қайықтан өздерің алындар», - деді. «Өй, онбағандар!» – деп, іштей ренжін тұрмыз. Бір кезде Зұбайра қайыққа секіріп түсіп, шелекті жағаға лақтыра бергенде, олар қайықты дарияның ортасына қарай есе жөнелді. Мен оған «секір» дей беріппін. Зұбайра да секіруге оқтала бергенде, “бәлесіне қалармыз” деп олар қайықты кілт бұрып жағаға әкеп тастады...

Бір күні Тамара: «Алматыға келдім, республикалық кардиология және ішкі аурулар ғылыми зерттеу институтында жатырмын», - деп телефон шалды. Отаясым Сәбитті, кейін досым Нұрзипаны ертіп барып хал-жайын білдік, әңгімелестік, «ауруханадан шыққан соң үйіңе келемін» - деді, бірақ денсаулығына байланысты асығып ауылы Шуға кетті. Онан кейін қаралы хабарын естігенде жүрегім сыйдал кетті... қайран достым, бақұл бол! Жатқан жеріңе Алланың нұры жаусын!.. Эрі қарай Нұрзипа досымның естелігі: «Қымбатты Зұбайраш», - деп бастап, қасына ұлken жүректің суретін салыпты. Сосын екеуміздің атымызды жазыпты да, стрелкамен жүрекке жалғапты. Айналасын әдемі ғұлмен көмкеріп, жақсы естеліктер жазған. Ал Назира досым:

Шырқайналар шіркін тауық,
Жемің болса қолында.
Қайдағысы сені тауып,
Топырлайды жолында.
«Досыңмын» деп, ант етеді.
Жолдағы дос жанама.
Жем таусылса жалт береді,
Сенерлік дос санама...

Сәкен Сейфуллиннің осы өлеңінің мән-мағынасын 17 жасында түсініп, оны маған «есіңе сақта» деп жазуы ұлken ақылдылық емес пе? Қазірдің өзінде құнын жойған жоқ. Сол кездің өзінде де достықты түсініп, оған баға беру кеменгерліктің белгісі деп ұқтым. Мен құрбымды нағыз философ дегім келеді. Естелігімде онан әрі Аманкул Ізбасованың тілектері, Жаңылдықтың Өмірзакқа тұрмысқа шығу сәттеріндегі өзінің көңіл-күйі, қимастығы жазылған екен. Рыскұл Торебекқызы мен Құләш Өбуқызының бірге жүрген кезіміздегі қимастығымыз, татулығымыз және арман-тілектеріміз әдемі көңіл күймен жазылыпты. «Дос – досқа зиякес емес, зиякес болса дос емес» – деп бастапты естелігін Ақманат Шахатова. Иә, Ақманат осы ұстаған ұстанымын әлі сол қалпында бұлжытпай ұстап келеді дей аламын. Қызылорданың барлық жаңалығын Ақманат арқылы біліп отырамыз, жиі хабарласамыз. Куаныш, реніштерімізді бөлісеміз. Алла денсаулық берсін, көрер қызығың көп болсын, досым! Дакимова Нағима естелігін «Қадірлі қарындасым!» - деп бастайды. Иә, сонау 1961 жылы окуға түстік дедім той. Оқу басталмай қыркүйекте бізді Сырдария ауданы Абай колхозының Қос шыңырау бөлімшесіне күріш оруға жіберді. Нағималардың күріштің есіп тұрғанын алғаш көруі. Сол жердегі көріністі еске түсіріп, «сондағы сулу қыз маған қарындас болды», - деп бастайды. «Мен саған тиіссем болды, сен асau тайша ырғып түсетін едің, соナン мен сені туystай жақын көріп, «қарындасым» деп атап кеттім», - дей келіп, «Өмірдің

әркезі тыңғылықты ой елегінен өтуді керек етеді, бір минуттық қателік бүкіл өмірге таңба болуы мүмкін», - деп аяқтайды естелігін менің ағатайым. Мен, Нагиманың осы сөзін үнемі еске алып отырдым. Эрбір істі ойланып шешіп, қателеспеуге тырыстым.

Шындығында, өмір жолым жаман болған жоқ. Республикалық «Ұлгілі отбасы» байқауында жұлделі орынға ие болдық, ал еңбек жолында да табысты болдым деп айта аламын. Мектепте жүріп, кешкі мектептің 9-11 сыныптарына арнап «Қазақ тілі» оқулығын жазып, байқауда жеңімпаз болдым. 1989 жылы 17 мың тиражбен «Мектеп» баспасынан кітабым жарыққа шығып, республика көлемінде әлі де оқытылуда. Мұнан кейін де «Орысша-қазақша сөздік», «Біздің қаланың көшелері», жұбайым Сәбитпен бірге “Кызылорда көшелері” атты еңбектерім оқырманға жол тапты. «Қазақстан білім беру ісінің үздігі» төс белгісі, мерекелік медальдармен марапатталдым. Осындай білімпаздық, еңбекқорлық қасиет отбасымыздың, ата-анамыздың тәрбиесі де болар, дегенмен училище берген тәлім-тәрбие мен достарымыздың ықпалы шығар Нагима, Нұрзипа, Есқали, Жұман және мен жатақхананың 16- бөлмесінде төрт жыл бірге тұрдық, тары-талқанымызды бөліп жедік, бір-бірімізді жақсы түсінлік, бір отбасы болдық. Менде сақталмапты, тіпті отбасы болып түскен суретіміз де болған: Жұман-әке, Естай-ана, Нагима-аға, Нұрзипа – тате, Зұбайра-кызы болып түскенбіз. Сол бөлме үйміз секілді еді. Нұрзипа мен Естай оркестрге қатысатын, Жұман екеуміз хорда, Нагима қалалық мотокружоққа баратын. Кешкे бәріміз жиналып отырғанда Нагима шаршап шаң-шаң болып келіп, мені құшақтай кететін сәттері көз алдымда. Ол өзінің қайсар, қажырлылығының арқасында улken жетістіктерге жетініті. Ол кезде қыздар арасында темір тұлпарды тізгіндейтін қыздар жоқтың қасы еді. Республикалық, халықаралық жарыстарға қатысып жүлдемен оралып журді. Кейін туған ауылына барып осы істерін жалғастырган екен. Қымбатты “ағатайым” Нагима, деніне саулық, ісіне сәттілік тілеймін!

Зәуреш те естелікке өз қолтанбасын қалдырып, тұнғышының атын Қайрат қойыпты. Тобымызда тұнғыш отбасын құрып, бала сүйген Зәуреш еді. Ол ақылы мен ажары келісken, жақсы мінезді қыз болатын. Ат қоярда жеребе салдық. Менің қояр атым Қайрат еді, шықпады. Бірақ ауылға барғасын ата-анасы Қайрат деп қойған екен. Үлкен әріппен «Ұлымның аты Қайрат, сенің ұсынған атыңды қойдық», - депті естелікте. Алла разы болсын Қайратымыз затына сай қайратты азamat болсын! Жолжақсынова Зинаида досым да ақ тілеғін актара жазыпты.

Рахмет, достарым! Сарғайған дәптердегі қымбат естеліктерінді оқи отырып, өз ойымды қағаз бетіме түсірдім. Ортамызда жоқ достарымыздың иманы серік, топырағы торқа болсын. Марқұм достарым Құнқияш, Тотылар да әдемі естеліктерін, тілектерін жазыпты. «Жатқан жерлерін жұмақтың төрі болсын қимас достарым...

...Ия, достарым, өмір занұлығы осы. Біреу келеді, біреу кетеді, ештеңе мәңгілік емес. Қазақтың классик ақыны Абай атамыз “Өлді деуге бола ма, айтындаршы? Өлмейтүғын артында сөз қалдырған”, - деген. Ендеше өкінер ештеңе жоқ. Артымызда үрпағымыз, шәкірттеріміз, достарымыз, ағайын-туыс бауырларымыз бар.

Нагима, топ басшысы (староста), “53 жыл өтіпті сағындық, бір-бірімізді көрейік”, - деген ойын білдіргендеге қатты қуандым. Екеулеп жан- жакқа қонырау шалдық. Кездесетін жер Алматы болды. Кездесуден бір естелік қалу керек деген ой келді де, осы кітапшаны шығаруға бел будым. Ондағы мақсатым – біріншіден, жауқазын жас кезімізде тамыры байланған достықтың әр жүректе сөнбегенін, сұымаганын дәлелдеу.

Өйткені біз қашан да, қайда жүрсек те біргеміз, бір бірімізге деген пәк жүрегіміздегі сағыныш, іздеу, еске алып отыру бір сәтте толастаған емес.

Екіншіден, “достық” деген ұғымның қаншалықты салмағы, мағынасы бар екенін келесі үрпақтың санасына сініру.

Үшіншіден – балаларымызға естелік, мұра қалдыру.

Төртіншіден – шаршап-шалдыққанда, жалғызырап жабыққанда осы кітапшаны оқып, достардан қуат алып отыру.

Біз сонау алпысыншы жылдары өмір көшіндегі сапарлас жолаушы едік. Оқу бітірген соң тарам-тарам жолдармен туған жерімізге аттанып, еңбек жолымызды бастадық. Отбасын құрып, балалы-шағалы болдық. Өмірдің ағысында жүрін бір-бірімізден алшақтап, достығымыз кейде үзіліп те қалып қайта жалғанып, табысып жатырмыз. Осы кітапшам достықтың, “Жібек тіні болсын” деген ниетпен жарық көріп, қолдарыңа тиіп отыр. Сондықтан достықтың Жібек тіні үзілмесін, достар!

*Зубайра Қыстаубаева
КР білім беру ісінің үздігі
Алматы, 2018ж*



1 курс ортада сыйныш жетекші З. Құлбаева 1961 жыл



Ортада М. Мәметованың командирі болған ,Совет Одағының Батыры Шәкір Тәжібаев



Құрбылар 3 курс 1963 жыл

*Әні: Ә. Еспаевтікі
Сөзі: Қ. Ыдырысовтікі*

**Бірге тойлап, бірге откізген,
Жалындаған жас шағын,
Талай қызық күнді өткізген,
Қайдасындар, достарым.**

Кайырмасы:

**Достар, достар, жүрсің қайда?
Бірге еді ғой жанымыз.
Еске алысып осындейда,
Кел, шырқайық бәріміз.**

Кайырмасы.

**Бәріміз де таптық бұгін,
Бақыт жолын іздеген.
Дос үміті – достық сенім,
Эрқашанда бізбенен.**

Кайырмасы.

**Жүрсе – дағы қиыр шетте,
Досты ұмытқым келмейді.
Достық жалын бар жүректе,
Суымайды, сонбейді.**

Кайырмасы.





Метро

Алматы Аrena

**Әні: Ә. Бейсековтікі
Сөзі: Н. Әлімқұловтікі**

Шықшы дөс, Алатаудың қар басына,
Көз салшы арман толы арнасына.
Өмірдің өт жалыны алау шашып,
Жанып түр күн сөулелі Алматыда.

Қайырмасы:

Гүлі бар таңда ашылар,
Бал шырын алмасы бар,
Бақыттың арнасы бар бір өзінде –
Гүл қала, арман қала,
Кек-жасыл орман қала,
Мәңгі өт бөп жанған қала,
Алматым – жүрегімде.

Сәбидің күлкісі бар келбетінде,
Жүзгендей Ай сәулесі көл бетінде.
Әркімнің жүрегіне ұялаган,
Осындай қала барма жер бетінде!?

Қайырмасы.

Алматым, жиып алған бар шырайды,
Көргенде кімнің көнілі шалқымайды?!
Тосінде желбіреген қызыл туда,
Көсемнің ақ бейнесі жарқырайды.

Қайырмасы.

Қала әкімдігінін үйі



ЖАНТЕНОВА ГУЛСАРА ТӨЛЕНҚЫЗЫ

Мен, Жантенова Гүлсара Төленқызы, 1945 жылдың 31 қаңтарында Қызылорда облысы Қазалы ауданына қарасты Майлышбас бекетінде дүниеге келдім. 1952 жылы 1 сиынпқа барып, 1959 жылы жеті жылдық мектепті бітірдім. Оқуды әрі қарай Қазалы қаласында жалғастырып, 9 сиынпты аяқтағаннан соң, 1961 жылы Қызылорда қаласындағы Мәншүк Мәметова атындағы қыздар педагогикалық училищесіне окуға түсіп, топтың старостасы болдым.

1965 жылы диплом алғып, Қармақшы ауданына қарасты Төретам қыстағындағы №417-ші темір жол мектебіне бастауыш сиынп мұғалімі болып орналастым. 1966 жылдың наурыз айында осы ауылдың азаматы Бутыков Төлегенмен отбасын құрдым. Осы жылдың шілдесінде Қызылорда қаласындағы Н.В.Гоголь атындағы пединституттың физика-математика факультетіне сырттай окуға түсіп, 1971 жылы бітірдім. 1969 жылдан бастап математика пәнінен сабак беруге ауыстырылдым. Еңбек жолымды осы мектепте бастап, 28 жыл еңбек өтілімімен 1993 жылдың қыркүйек айында зейнеткерлікке шықтым. 1981-1989 жылдары мектептің кәсіподақ үйімyn басқардым.

1989 жылдың наурыз айында бастауыш сиынтарының оқу ісінің менгерушісі қызметіне тағайындалып, 1992 жылдың қыркүйек айына дейін осы міндетті атқардым. 1986-1988 жылдары Төретам қыстағындағы жергілікті кеңеске депутат болып сайланып, жас өспірімдер комиссиясының төрайымы болдым.

Әмірге әкелген бір ұл, екі қызымы өсіріп тәрбиеледім. Қызым Жанна Қызылордадағы Н.В.Гоголь атындағы пединститутының ағылшын тілі факультетін бітірді. Екі қыз, бір ер баланың анасы болып, бір қызынан екі немере сүйіп отыр. Екінші ұлым Жанар, бір қызын тәрбиелеп, оқытып, ұзатты. Одан екі немересі бар. Үшінші қызым Лиза Алматы қаласындағы халық шаруашылығы институтын бітірген, бір қызы бар. Әмірге әкелген ұрпақтарымнан бес немере, төрт шебере сүйіп отырған ата-әжеміз. Отыз жыл Байқоңыр қаласында тұрып, 1995 жылы Алматы облысы Жамбыл ауданына қарасты Қазыбек бекетіне көшіп келіп, он жылдан соң, 2005 жылы Қарасай ауданының Әйтей ауылына қоныс аудардық. Балаларымның барлығы да Алматыда тұрады.







Жолжаксынова Зинаида 29.12.1945 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданы, Каражыра селосында туған.

1961 жылы Қызылордадағы Мәншүк Мәметова атындағы қыздар педагогтік училищесіне түсі, 1965 жылы бастауыш сынып мұғалімі мамандығы бойынша бітіреді.

1969 жылы Абай атындағы «Еңбек Қызыл Ту Орденді» Қазақ педагогика институтына түсіп, 1974 жылы институттың толық курсын тарих мамандығы бойынша аяқтайды.

Еңбек жолын 1969 жылы туған ауылы Ақсуат сегіз жылдық мектебінде бастады. 1972-1973 жылдары

Өскемен қаласындағы мұғалімдер білімін жетілдіру институтында бастауыш сыныптар бойынша методист болып қызмет етті. 1973-1980 жылдар аралығында Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданы, Күршім селосындағы №3 орта мектепте, Марқакөл ауданы Алексеевка селосындағы орта мектептің бастауыш сыныптарында сабак берді. 1980 жылдан бері Алматы қаласындағы Ғабит Мұсірепов атындағы №86 мектеп-гимназиясында бастауыш сыныптарға сабак беріп келеді.

Жолжаксынова Зинаида – тәжірибелі, білікті де білімді ұстаз. Әрбір сабағында білім саласында енгізіліп жатқан жаңа технологияларды кеңінен қолданып отырады. Ол «Оқушылардың сөйлеу тілін дамыту» проблемасы бойынша жұмыс істейді. Оқушылардың шығармашылық ойлауын дамыту барысында сабактың барлық құрамды бөліктерін ғылыми жолға қоя отырып, жан-жақты сапалы білім беретін шебер-ұстаз. Ұстаз шәкірттері қоғамның әр саласында еңбек етуде.

Мұғалім жетістіктері:

- Қазақ ССР Оқу Министрлігі «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері»;
- «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, (10.12.2001ж.) № 1343;
- «Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері» құрметті атағы берілді. (05.12.2011ж.) №4550

Республикалық «Бастауыш мектеп» журналында, «Қазақстан мұғалімі» газеттерінде, «Егеменді Қазақстан», «Алматы ақшамы», «Жетісу» газеттерінде бірнеше мәрте мұғалімнің еңбегі жайлы жарияланды.

Ақпарат мектеп директорының орынбасары Ботакөзден алынды







Мен Зұбайра Қыстаубаева Қызылорда облысының Жалағаш ауданында 1946 жылы 28 қантарда дүниеге келдім. Аудан орталығындағы №31 орта мектептің 8 сыныбын бітіріп, 1961-1965 жылдары Қызылорда қаласындағы М.Мәметова атындағы педагогикалық училищеде оқыдым.

1974 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде филология факультетін бітірдім. 1965-1967 жылдары Жалағаш аудандық комсомол комитетінде бөлім меңгерушісі болып қызмет атқардым. 1968-1987 жылдары Жалағаш ауданы мен Қызылорда қаласындағы орта мектептерде мұғалім, әдіскер, оқу-консультациялық пункттің меншерушісі болдым. 1988-2007

жылдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде, Алматы Экономика және Статистика Академиясында, Қазақ-Америка университетінде аға оқытуши болып ұстаздық қызмет жасадым. Қоғамдық негізде мектепте партия үйімінде хатшысы, Қызылорда қалалық оқу бөлімінде казақ тілі секциясының жетекшісі, мұғалімдердің білімін жетілдіру институтында лектор болдым. Қазақ тілі пәні бойынша өткен Қызылорда облыстық және Республикалық окушылар олимпиадасының қазылар алқасы құрамында бірнеше рет қазылыш еттім.

1989 жылы Қазақ КСР Оқу министрлігінің конкурсы негізінде кешкі орта мектептің 9-11 сыныптарына арнап жазған «Қазақ тілі оқулығым» «Мектеп» баспасынан 17 мың таралыммен жарық көріп, ол республика мектептерінде күнін бүгінге дейін оқытылуда. «Орысша-қазақша сөздік»(1993ж), «Біздің қаланың көшелері»(1997ж), «Қызылорда көшелері» (1998ж, 2009ж) т.б. кітаптарым шықты. Осы еңбектеріме орай, «Қазақстанның білім беру ісінің үздігі» төс белгісімен, Жалағаш аудандық, Қызылорда қалалық оқу бөлімдерінің, Білім министрлігінің Құрмет грамоталары мен Қызылорда қаласы және облыс әкімшілігінің мерекелік медальдарымен марапатталдым.

1967 жылдың күзінде Иманғалиев Сәбит деген азаматпен комсомолдық той жасап, отбасын құрдым. Ол да өзіммен әрштес, КазМУ-дың филология факультетін бітірген. Екі түрлі мамандық иесі: дәрігер және мұғалім. Участелік аурухана меншерушісі, мектеп директоры, Қызылорда қалалық әкімшілігінде жауапты қызметтер атқарған. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Жалағаш ауданының Құрметті азаматы, бірнеше медальдардың иегері. 1997 жылы Алматыға қоныс аударып, екеуміз де ұстаздық, шығармашылық жұмыспен айналыстық. Сол жылдан бастап Алматы Экономика және Статистика Академиясында аға оқытуши болып, екеуміз де зейнеткерлікке дейін студенттерге дәріс оқыдык.

Астана болған Қызылорда, Алматы, Астана көшелерінің тарихын зерттеп, бірлесіп көлемді кітаптар шығардық. Ол еңбектер ҚР Мәдениет министрлігінің қолдауымен республика облыстарының барлық кітапханаларына таратылды.

Бауырымыздан өрген бес бала бар. Олар- Гүлжан, Гүлсара, Бауыржан, Гүлназ, Сәтжан. Бәрі де жоғары білімді. Соңғы үшеуі – ғылым кандидаттары (доцент, профессор). Балалар министрлікте, ұлттық «Атамекен» холдинг, облыстық қаржы департаментінде жауапты қызметте және жоғары оку орындарында ұстаз. Барлығыда отбасылы, 20 шақты немере мен 4 шобереге ата-әже болдық. 2012жылы Халықаралық «Заман-Қазақстан» газеті жариялаған «Үлгілі отбасы» байқауына қатысып, жүлделі 3-ші орынды иелендік.

Енді немерелердің қызығын, жеткен жетістіктерін көріп, мактаныш етеміз. Тоғжан қытай тілінің маманы, магистратурада білімін жалғастыруда. Мұнан басқа қазақ, орыс, ағылшын, француз тілдерін де еркін менгерген. Алдияр немереміз бұжасында шахматтан «спорт шебері» атанып, халықаралық байқауларда елдің атын шығарып, бүгінгі күнде Қазақстанның мактанышы аталуда. Назерке, Жаһангир музика мектебінің дәстүрлі ән бөлімінде оқып, домбырамен ән салады, қалалық, республикалық байқаулардан жүлделі оралып жүр.

Бір шаңырақтың астында 50 жылдан аса салиқалы ғұмыр кешін, ұрпақтарымыздың құрметі мен еңбегіміздің мәуелі кезеңін көріп келеміз.

АЛЛАҒА шүкір дейміз!





Бір қыз көрдім айдай сұлу ажары,
Бірақ қыздың тек жұмыста назары.
Танысуға қанша жақын келсем де,
Құрғыр қыздың таусылмайды жазары.

Қолан шашы тәбесіне үйілген,
Ұзын шашын мен де көріп сүйінгем.
Ұстаптай жүр, хабары жоқ, алайда,
Кешіп жатқан менің мына құйімнен.

Көрсеткенмен маған қанша қарсылық,
Махабbatқа қалды бір күн шарпылып.
Ұзамады кете алмады, кетпеді,
Оның дагы сол кездегі қалпын ұқ.

Қызыл құмнан кенет көріп жарқылды,
Тағат таппай, шыдам бәрі таусылды.
Бойжеткен қыз бәрін қойып бір күні,
Құм ішінен аршып алды асылды.

Комсомолдық тойды жасап үйлендік,
Жаңа өмірде бір ғажайып қүйге ендік.
Келін түскен Аққыр деген ауылда,
Қол ұстасып барлығын да үйрендік.

Көрмесек те ауыр жұмыс соншалық,
Мал суардық, отын әкеп, от жағып.
Тоңбасын деп ақ Гүлжан мен Гүлсара,
Қоятынбыз бір бөлмені «монша» ғып.

Ерте тұрып қора жаққа баратын,
Құбі пісіп, табаға нан салатын.
Сиыр сауған жас келиннің аяғын,
Бұзау басып, сүтін төгіп алатын.

Ұстаз болып жарапандай жүрегі,
Өз бойында білімпаздық тірегі.
Әр баланы «оқушы» деп қарамай,
Өз баласы тәрізді етін жүреді.

Ата-ананың болашағы балада,
Әркениет шоғырланған қалада.
Соны ойлап ұрпағының қамы үшін,
Қарашада көшіш келдік қалаға.

Қызылорда да тұрғандай боп еұранып,
Ғылым жолы ашылғандай тұр анық.
Атың шықты қала мектептеріне,
«Қазақ тілі» оқулығын шығарып.

Балаларың бақ құсы боп бақтағы,
Ата-салтын, дәстүр, тілін сақтады.
Бауыржан мен Гүлжан, Гүлназ, Гүлсара,
Сәтжан, Мако еңбегінді ақтады.

Шындық пенен, әділдікті сүйесін,
Қандай жерде айтуды да білесін.
Өсек пенен өтірікке жаның қас,
«Тура биде туған жоқ», - деп жүресін.

Өз ойыңмен кейде қатып қаласың,
Кейде сабыр, төзімді де боласың.
Әділдікті туғып ұстап жүресін,
Құда, жекжат, туысқандар арасын.

Зұбайрашым бәрі сыйласап басынды,
Тойласап жатыр бүгін 70 жасынды.
Алдағы күн біз сұраймыз тәңірден,
Тәтті күнді, сәтті күнді, ғасырды.

Қай істе де болып жүрші белсенді,
Еңкеймеші, түеірмеші еңсенді.
Қол ұстасып бірге сақтап жүрейік,
Алла берген «өмір» деген олшемді.

*Ізгі тілекпен: жарты ғасырдан өмірді
бірге откізген жұбайың, отбасының
қорғаны болған асыл жарың Себитің.
Алматы қаласы 28 қаңтар 2016 ж.*





Mен, Нұсінова Нұрзипа, 1947 жылы 18 май күні Алланың нұры жаңбыр бір ай бойы жауып түрғанда дүниеге келіппін. Сондықтан атымды Нұрзипа деп әкем қойыпты. Кіндігімді 70 жасқа келген орыс кемпірі кескен.

5 жасқа келгенде әкем Нұсіп баласы Абзalbek “туған жерім” деп, қазіргі Алматы облысы Ақсу ауданы Қызылтаң қой совхозына бармай (Ильяс Жансүгіров атамыздың туған жері) Матай бекетіне Алматыдан көшіп барды. Шешем Байжомартқызы Эйнек Алматыдағы трамвай паркінде белсенді, «стахановшы» болып жұмыс істеген. 1954 жылы Матайдығы 258 орта мектептің 1 сыныбына барып, 1961 жылы 7 сыныпты бітірдім.

Қызылорда каласындағы Мәншүк Мәметова атындағы қыздар педагогикалық училищесіне Матайдан 9 kız барып оқуға түстік. 4 жыл інінде училищенің барлық мерекелік шараларына, хорға, оркестрге қатысып, ұстаз болып шықтық. Оқу бітірген кезде бір-бірімізге тілек айтЫП, мекен жайымызды берген кезде, Зұбайра жан құрбым өз тілегін өлең жолдарымен білдіріп еді.

Училищені 1965жылы бітірген соң, Ақсу ауданы Үлгілі деген совхозда 1-3 сыныптарға және 1966-67 жылдары Матай станциясында бастауыш сыныптарға сабак бердім. 1967 жылы Алматыдағы қыздар педагогикалық институтының музика факультетіне оқуға түсіп, 1971 жылы ән-музыка сабағының мұғалімі мамандығын алдым. 4 жыл ішінде «Айгүл» ән-би ансамблінің (хор, оркестр, би), институт өміріндегі шараларға белсене қатыстым. 1971 жылы өмірлік қосағым Алажиде бекетінің жігіті Бимолдаев Малайға түрмисқа шығып, мұнан соң, Матай бекетіндегі, 258-орта мектептің бастауыш сыныптарының және ән-музыка сабағының мұғалімі болып еңбек еттім. 1979 жылдан бастап жұбайым Бимолданов Малай Ақсу аудандық партия комитетіне жұмысқа ауысуына байланысты, мен де аудандық музика мектебіне жұмысқа орналастым. 1980 жылдан бастап ауданда өтетін барлық жарысқа окушыларды дайындалап, 1-орын алып жүрдік. Өзім де аудан өміріндегі барлық шараларға қатысып, «Мұқан Төлебаевтің 60 жылдығына арналған конкурстың лауреаты»төс белгісімен марапатталдым.

1997 жылы 50 жылдық мерей тойыма арнап, музика мектебінің директоры Гулмахира мынадай өлең жолдарын жолдап еді:

Жаны жаз, шырқай салған әні әсем
Жақсы жар, абзал ана – бәрі де сен.
Елу жасты еңсерін қалсандағы
Жақсы ұстаз, сахнаның сәні де сен.
Көктемдей көңілі ашық, жайсаң жанға
Мол арман ұсынамыз жеке дара
Нұрзипа замандасым, көп жасаңыз
Улгі бол жүре берші арамызда!

1997 жылы 50 жасымда 5 баланың анасы ретінде зейнеткерлікке шықтым. Жұбайым-Бимолданов Малай 1978 жылдың желтоқсан айынан бастап, Ақсу аудандық партия комитетінің өнеркәсіп, транспорт бөлімінің менгерушісі, аудандық халықтық бақылау комитетінің төрағасы, атқару комитетінің 1-орынбасары, аудан әкімінің 1-орынбасары болып жұмыс атқарды. Аудан, облыс жабылғаннан кейін, 2001 жылы Алматы қаласына көшіп келдік. Мұнда темір жол мамандығы бойынша жұмыс істеп, 2013 жылы зейнеткерлікке шықты. Зор еңбегі үшін «Құрметті теміржолшы» төс белгісімен марапатталды.

Алматыға көшін келген соң, қосымша табыс ретінде «Амвей» компаниясының «Амвей Тәуелсіз Кәсіпкері» болып, сапасы жоғары тауарды пайдаланып, тұтынып артымнан үлкен команда құрғаным үшін осы компания арқасында Мысыр және Арменияда тегін дем алдым. 2016 жылы маусым айында Амвей компаниясы жұбайым екеуімізді Атлант мұхитындағы Тенериф және Канар аралдарына тегін демалдырды. Сол жерде 5000 халықтың алдында Платина дәрежесімен марапатталды. Сөйтіп, үйленгенімізге 45 жыл және менің 70 жас мерейтоймызға сәйкес келіп сапардан жақсы көніл күймен оралдық. Аллаға шүкір, осындей үлкен деңгейлерге жетіп, немерелерді тәрбиелеп, балаларымызды демеп, қолдап отырмыз. Енді қалған өмірде балаларымыз, немерелеріміздің рахатын көрсек дейміз.



Балаларымның ортасында



Испания, Каңар аралында
демалыстамыз



Немерем Ержанаттың тойы (10 жаста)




Біз 16-шы болмеде тұрамыз



Менің отбасым



Мен 1 жастамын




Құрбылар. 1962 жыл

Фото
ТАС Бүгет

Фотофон Конькап
Кезіл орда







Мен, Дакимова Нагима, 1944 жылы 20 мамырда Балқаш қаласының 1-сызық бойындағы №1 жер кепеде, орта шаруаның отбасында дүниеге келдім. Отбасында бес бала болды. Олар: Рахым, Рахима, Ахым, Нагима, Зағира. Экем – Солтакан молда, шрадар болған. Аман-Күнжан үй шаруасындағы әйел. Мен 1951 жылдан «Ақ школ» мектебінде бастауыш білім алдым. 1959 жылдың Шығыс Қоңырат кентіндегі №18 жетіжүйлі мектепті тәмамдадым. 1961 -1965 жылдары Қызылордадағы қыздар педагогикалық училищесін үздік дипломмен аяктадым. 1965-78 жылдар аралығында Гүлшаттағы №28 орта мектепте 13 жыл еңбек еттім. 1984-89 жылдарда Қарағанды педагогикалық институтының «Бастауыш оку педагогикасы мен методикасы» мамандығы бойынша жоғары білім алдым. 1978-2005 жылдар аралығында Шашубай орта мектебіне ауысып 27 жыл еңбек етін, зейнеткерлікке шықтым.

Қызылордада ДОСААФ-қа қатысып, мотониклды жүргізу правосын алып, ауылдық, қалалық, аудандық, облыстық, республикалық жарыстарға қатыстым. 1965 жылы Алматы қаласында өткен III Бүкілқазақстандық спартакиада қорытындысы бойынша II орынға ие болдым. Қазақ қыздарының арасынан шыққан тұңғыш мотоспортының шеберімін. Қазақстан құрама командасына қабылданып, Ереванға жолдама алдым.

1978 жылы Жезқазған қаласында өткен I-ші облыстық мұғалімдер съезінің делегаты болдым.

1978 жылы “Қазақстан Республикасының халық ағарту ісінің озат қызметкери” атандым.

1979 жылы Алматыда өткен Республикалық гылыми конференцияға қатыстым.

1983 жылы “Кенес Одағының Халық ағарту ісінің озат қызметкери” атағын алдым.

1983-84 оку жылында «Жаңашыл мұғалім» атағын электрлі көбейту кестесін құрастырғаным үшін алдым.

1987 жылы Жезқазған қаласында өткен II-ші облыстық мұғалімдер съезінің делегаты болдым. “Ага мұғалім”. VIII Республикалық мұғалімдер съезінің делегаты.

1990 жылы «Еңбек ардагері» медалімен марапатталдым.

1994 жылы «Методист- мұғалім» атандым.

1996 жылы облыстық аттестация комитетінің шешімімен Жоғарғы категорияны алдым.

2000 жылы «ТРИЗ» факультативтік оку бағдарламасының авторы.

2017 жылы Балқаш қаласы әкімінің Алғыс хатымен, қаланың 80-жылдық және 2018 жылы Ақтөгай ауданының 90-жылдық мерейтойына арналған мерекелік тес белгісімен марапатталдым.



Жүрөгіне жол тауып жас сәбидің,
Көңіліне жылышың нұрын құйдың.
Білім нәрі таралып шуағындай,
Мәртебеніз әрқашан биік тұрдың.

Жат демедің жасқанған жас баланы
Мандайынан сипадың, демеу болдың.
Негізіне нақты сүрлеу салып бердің,
Білім атты ауыр да, ұзақ жолдың

Қателігін көрсөң тек шын күйіндің,
Биіктерге шықса егер, тек сүйіндің.
Ықтиятты, ұқынты зергерлердің,
Еңбегіңмен халықты сүйіндірдің.

Сіз бұғін биігісіз биіктердің,
Келе бермес қолынан үміткердің.
Адамзат алар асыл қасиетті
Шәкіртінің бойына жиып бердің.

Сіз бұғін ұстаздардың ұстазысыз,
Боліскең тәжірибе – озық ойменен
Құттықтап бұғінгі күн келдік міне,
50 жылға төлattyн мерей тойыңмен.

Тілейміз сізге үлкен шаттық өмір,
Арайлы атқан таңдай адал көніл.
Шәкірттердің алғысы нұр бол жаусын,
Аңызға айналдырган есы өнірін.

*Француз пәнінің мұгалімі:
Жүніс Нәсіпқайша Фылымжанқызы*



САХИНОВА ЖҰМАБАЛА ҚАБЫЛДАҚҚЫЗЫ



Мен Сахинова Жұмабала Қабылдаққызы 1946 жылы 14 желтоқсанда Балқаш қаласында дүниеге келдім. Екінші кластан бастап Шығыс Қоңырат руднигіндегі №18-жетіжүлдік мектепте білім алдым.

1961-1965 жылдар аралығында Қызылордадағы педагогикалық училищеде оқып, бастауыш сынып мұғалімі мамандығы бойынша диплом алдым. Еңбек жолын өзім оқыған №18 мектепте бастадым.

1971 жылы тұрмысқа шығып, отбасын құрдым. Балқаш қаласындағы №3-интернатта кейінірек №1-интернатта тәрбиеші болдым және бастауыш сыныптарда үстаздық еттім. Орыс, қазақ бөлімдерінің жоғарғы сынып оқушыларына тарих, отантану, география пәндерінен сабак бердім.

№1 интернатта өлкелік мұражайдағы ашылуына басшылық жасап өз үлесімді қостым. Мектепаралық, қалалық, облыстық байқауларға қатысып, қорытындысы бойынша мақтау қағаздарымен марараптальып отырдым. 47 жыл үздіксіз еңбек етіп 2012 жылы зейнеткерлікке шықтым. Отбасымда 5 балам, 11 немере, 1 шөберем бар. Балаларымның құрметіне бөленип, немере, шөберенің қызығын көріп отырған бақытты әжемін.



Шылдегі корінің



БИБОЛОВА ЗАМАНКУЛЬ ҚАРАТАЙҚЫЗЫ




Tуған жылым – 1945 жыл 15- желтоқсан Түлған жерім – Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы «Коммунизм» колхозы. 1961-1965 жылдары – Қызылорда қаласындағы М.Мәметова атындағы педагогикалық училищеде оқыдым. 1965 жылы Мақтаарал ауданындағы Абай мектебіне мұғалім болып орналастым. 1967 жылы түрмисқа шығуыма байланысты Күйбышев мектебінде тарих пәнен сабак беріп, директордың тәрбие ісі жөнінде орынбасары қызметін атқардым. 1966-1970 жылдары – Шымкент педагогикалық институтының тарих факультетін оқып бітірдім.

1970 жылы Шардара қаласына қоныс аударуымызға байланысты 1970-1978 жылдар аралығында Қ. Аманжолов атындағы мектептің 9-10 сыныптарына тарих пәнінен сабак бердім.

1978-1980 жылдары Шардара аудандық оқу бөлімінде, 1980-1992 жылдар аралығында аудандық Жас натуралистер станциясында әдіскер болып қызмет атқардым. Аудандық, облыстық және республикалық білім бөлімдеринің Алғыс хаттарымен бірнеше рет марарапатталдым. 1967 жылы Биболов Зұлпыхармен отбасын құрдым. Ол Шардара қаласының әкімі және аудандық мәслихаттың төрт рет депутаты болып сайланған. 2010 жылы Шардара ауданының «Құрметті азаматы» атағын алып, кейін, 2016 жылы дүниеден өтті. Отбасымда 1 ұл, 2 қыздан 9 немерем бар. Ұлым Биболов Нұрлан Зұлпыхарұлы-зангер. Қызым- Биболова Айгүл Зұлпыхарқызы – ҚР Сенатында қызметте. Қызым Биболова Ботакоз Зұлпыхарқызы – Төлеби ауданы, Зертас ауылының Мамытов атындағы мектепте мұғалім.







Мен, Ержанова Базаркүл, 1948 жылы 10 наурызда Оңтүстік Қазақстан облысы Мактаарал ауданы «Коммунизм» колхозында дүниеге келдім. Сол жердегі Абай атындағы сегіз жылдық мектебін бітірген сон, Қызылорда қаласындағы Мәншүк Мәметова атындағы қыздар педагогикалық училищесіне түсін, 1965 жылы «Бастауыш сынып мұғалімі» мамандығы бойынша бітіріп шықтым. Сол жылы күзде озім бітірген Абай атындағы орта мектепте ұстаздық жолымды бастадым. 1966 жылы отбасы жағдайыммен Ильич болімшесіндегі мектептің бастауыш сыныбында сабак бердім. Осы жылы Гафур Гулям атындағы Сырдария педагогикалық институтының

«орыс тілі мен әдебиеті» бөліміне сырттай оқуга түстім. 1969 жылы ұстаздық қызметімді Шардара ауданындағы Қасым Аманжолов мектебінде жалғастырдым. 1972 жылы Шардара орта мектебіне ауысып орыс тілі мен әдебиетінен жоғарғы сыныптарға сабак бердім. Осы ауданда 30 жыл қызмет еттім. Жыл сайын өтетін конференцияның жүлдегері ретінде аудандық, облыстық оку бөлімдерінің грамоталармен мадақталған болсам, 1981 жылы 17 маусымда КСРО Жоғарғы Кенесі Президиумының «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталдым. 1988 жылы 28 шілдеде «Аға мұғалім» атағы берілді. Жоғарғы категориялы ұстаз бодым, қазіргі кезде зейнеткермін. Әрине, көп балалы ана ретінде алған марапаттарым да жеткілікті. Үлкен қызыым Гулзира Сапарқызы Алматыдағы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде инспектор, орыс тілі мен әдебиеті кафедрасында ұстаз болып жұмыс істейді. Қазақстанда бірінші ханым Сара Назарбаевың ұйымдастыруымен ашылған (ННПООЦ Бебек) «Өзін-өзі тану» орталығында методист. Қазіргі кезеңде Қазақстан – Ресей медициналық (НУО) университетінде магистр, орыс тілі кафедрасында ұстаз. Кіші ұлым, Оңтүстік Қазақстан облыстық Мәслихат аппаратында бас есепші. Мадияр Сапарұлы «Қазақстан Республикасы Маслихаттарына 20 жыл» мерекелік медалімен марапатталған. Үлкен ұлым, Токсанбаев Данияр Сапарұлы, медицина ғылыминың кандидаты, жоғарғы категориялы трансплантолог. Кіші қызыым, Гулжазира Сапарқызы, “CARDIOS” Жаупкершілігі Шектеулі Серіктестігінің бас директоры.



Mен, Исакова Рыскул Төребекқызы, Шымкент облысы Мақтаарал ауданы бұрынғы «Коммунизм» кеңшарында 1945 жылы 26 сәуірде өмірге келдім. Осында сегіз жылдық мектепті аяқтап, Қызылордағы педагогикалық училищеғе түсіп, 1965 жылы бітірдім. Сол жылы Алтынбеков Құлжабайға тұрмысқа шығып, 3 үл, 1 қызды болдық. Жұбайым Шымкент қаласындағы Қазақ химия-технология институтында оқытушы болып, озім 1974 жылы осы қаладағы педагогикалық институтынан «қазақ тілі мен әдебиет» пәннің мұғалімі мамандығын алып шықтым.



Жұбайым 1973 жылы Киев университетінде диссертация қорғап, «физика-математика» ғылымдарының кандидаты деген ғылыми атағын алды. 1974 жылы Жамбыл гидромелиорация-құрылым институтының «Электротехника» кафедрасының меңгерушісі болып тағайындалуына байланысты Жамбыл қаласына көшіп келдік. 1974 жылдан 1986 жылға дейін бастауыш сыныпқа сабак бердім. Қала бойынша семинарлар өткізіп, іс-тәжірибелі «Бастауыш мектеп» журналына бастырып отырдым. Истәжірибел туралы кітапша шығардым. Осындай еңбектерімді бағалап, сый-құрмет көрсетті. 1981 жылы «Үздік еңбегі үшін» медалін алып, 1982-1985 жылдар аралығында Жамбыл қаласының Завод аудандық мәслихатқа 2 рет депутат болып сайландым. 1983 жылы «СССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» төс белгісін иелендім. 1985 жылы «Аға мұғалімі» атағы берілді. 1986 жылы жұбайымның денсаулығына байланысты Шымкент қаласына қайта көшін келдік.

Мен осы қаладағы Еңбекші ауданындағы халыққа білім беру бөлімінде әдіскер қызметін атқардым. Жұбайым 1996 жылы дүниеден өтті. Бірақ артында кемеліне келтіре қазақ тілінде жазған төлтума оқулығы «Электротехникиның теориялық негіздері» атты еңбегі қалды. Бұл еңбегін үлкен ұлым Бақыт кітап етіп баспадан шығарды.

Мен қайтадан мектепке ауысып, 60 жасқа дейін қызмет етіп, зейнеткерлікке шықтым, қазір 73 жасқа келдім. 12 немеренің әжесімін. Үлкен ұлым-дәрігер, екінші ұлым – инженер (құрылышта), қызым – ғылым кандидаты, университетте ұстаз, кіші ұлым – әскери қызметкер.

Алланың көрсеткен күніне қанағатпен қарап, өткен өміріме тобашылық етемін.






Темір жол вокзалы

Күзүмнөргө
корінісі



Президент саябағы



Облыс әкімдігінің үйі

Сырдария өзені



*Әні: Ә. Бейсеуовтікі
Сөзі: Н. Әлімқұловтікі*

Бір ауылдың түлеп үшқан жастары едік,
Бір дәуірдің мөлдіреген аспаны едік.
Бәріміз де жазылмаған дастан едік,
Армандастар – құрдастар.

Кайырмасы:

Бір дәуірдің мөлдіреген аспаны едік,
Бәріміз бір өмір жолын бастап едік.
Армандастар қайда?
Абзал дәстар қайда?
Замандастар, қарлығаштар қайда екен?

Арман қуған, қиял қуған кезің қайда,
Құрбы қыздар, мөлдіреген көзің қайда?
Сөл алғашқы алаулаған сезім қайда?
Армандастар – құрдастар.

Кайырмасы.

Бәрің, дәстар, әр тарапқа кеттіндер ме?
Әлде биік асулардан өттіндер ме?!!
Әлде иғі армандарға жеттіндер ме?!!
Қайдасындар, құрдастар?!!

Кайырмасы.



Мен, Абуова Кульмараш, 1947 жылы 2 наурызда Қызылорда облысы Тасбөгет кентінде дүниеге келдім. Әкем Ұлы Отан соғысының ардагері.

1954 жылы Тасбөгет кентіндегі №11 мектептің 1 сыныбына барып, 1961 жылы 7 сыныпты бітірген соң, Қызылорда қаласындағы М.Мәметова атындағы педагогикалық қыздар училищесіне оқуға түстім. Училище өмірінде әр түрлі қоғамдық жұмыстарға қатыстым. 1965 жылы окуды бітіріп жолдама бойынша Арал қаласына қарасты Солтрестегі №19 мектепке орналастым, 1981 жылға дейін Арал қаласындағы №86 мектепте бастауыш сыныптарына сабак бердім. Арал қаласында жүріп тұрмысқа шықтым, 6 бала тәрбиеледім.

Отбасылық жағдайымызға байланысты, Қызылордаға көшіп келіп, Тасбөгет кентіндегі №11 орта мектепке жұмысқа орналастым. 58 жасымда зейнеткерлікке сол мектептен шықтым. Ұзақ жылғы еңбегімді бағалап 1990 жылы 14 желтоқсанда «Еңбек ардагері» медалімен және әр түрлі мақтау қағаздары сияқты марапаттарды иелендім.

Қазіргі уақытта 5 баламнан 30 шақты немере мен 7 шөберем бар. Олар әр түрлі мамандық иегері. Олардың арасында мұғалім, теміржолшы, құрылышшылар бар. Ортамызда 98 жасар анамыз да бар. Өзімді осылардың арасында отырып, бақыттымын деп санаймын.





Отбасымен бірге



Мектепте сабак беру кезі



ӘЙМЕНОВА БОЛЖАН САДЫҚҚЫЗЫ



Мен, Эйменова Болжан Садыққызы, 1947 жылы 22 маусымда Сексеуіл кентінде қарапайым отбасында дүние келдім. 1954 жылы 1 в сыныбына қабылданып. 1961 жылы 7 в сыныбын өте жақсы бағамен аяқтадым. 1961-1965 жылдары Қызылордадағы М.Мәметова атындағы қыздар педагогикалық үчилищесін оқып бітірдім. 1965 жылдан 2003 жылға дейін №22 қазақ орта мектебінде жұмыс жасадым. 1965 жылы білімімді толықтыру үшін Қызылорда қаласындағы Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институтының биология факультетіне түсіп, 1971 жылы бітіріп шықтым. Бастауыш сыныбының мұгалімі болып, 38 жыл қызмет атқардым. Мектепте қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, 15 жылдай бастауыш сынып секциясының жетекшісі болдым. Нәтижесінде еңбегім бағаланып, «Аға мұғалім» атағы берілді. Үздіксіз 20 жыл жұмыс істегенім үшін «Енбек ардагері» атағын, бірнеше рет облыс, аудан, жергілікті жерден мактау қағаздарын алдым. 2003 жылы 53 жасымда зейнеткерлікке шықтым. 1968 жылы Тлепбергенов Құдайбергенмен отбасын құрдым. Қазіргі 5 баламыздың барлығы да жанұя құрған. Бұғынгі күні 13 немере 1 шөберенің әжесімін.



Mен, Әжібаева (Жалиева) Зияш Жали қызы 1947 жылы 1 маусымда Қызылорда облысы Қазалы қаласында дүниеге келдім.

1954 жылы Қызылорда қаласындағы №171 Гани Мұратбаев атындағы орта мектебінің 1 сыныбына бардым. 1961 жылы атапмыш мектептің 8 сыныбын бітірдім. 1961-65 жылдары М. Мәметова атындағы Қызылордадағы қыздар педагогикалық училищесінде оқыдым. 1966 жылы В. И. Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтының «Физика және математика» факультетіне сырттай оқуға түсіп, 1972 жылы «математика пәні мұғалімі» мамандығын алдым. Училищеде және жұмыс жасаған мектептерде көркемонерпаздар үйірмесіне қатыстым. 1962 жылы атақты композитор Ш.Қалдаяқов Қызылордаға келді. Ол кезде менің үлкен ағайым Д.Айдаров облыстық партия комитетінде қызмет атқаратын. Елдің сүйікті композиторы Шәмшіні үйге қонақша шақырды. Біздің үйде менің орындауды композитордың «Сыр сұлуы» әні алғаш рет шырқалды. Менің әнді орындағанда асықпай, Сырдың толқынындағы баппен айтуды ескертті. Ертеңіне А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық Мәдениет үйінде композитор Ш.Қалдаяқовтың қала халқымен кездесуінде мен «Сыр сұлуы» әнінің тұңғыш орындаушысы болдым. Ол ән Қызылорда облыстық телерадио хабарлары арқылы жиі беріліп тұрды.

1966-1980 жылдары № 171 F. Мұратбаев атындағы орта мектепте жұмыс істедім. 1980 жылы Қызылорда қаласындағы № 7 Ю. А. Гагарин атындағы орта мектеп-интернатында ұстаздық қызмет жасап, зейнеткерлікке сол жерден шыктым.

1965 жылы тұрмыс құрдым. Жұбайым Әжібаев Шәкім Нуртаза ұлы, 1945 жылы дүниеге келген. Ол Қызылорда педагогикалық институтында ұстаз, кейін коп жылдар Қызылорда қаласындағы мектептерде директорлық қызмет атқарып, 2010 жылы қайтыс болды. Төрт баланың анасымын, төрт немеренің әжесімін.

Қазіргі уақытта Қызылорда қаласында тұрамын.



Бауортжана 2019 ж 9.10/07 үншеседе

Әзда.



Жубайым шәкіммен бірге



Немерелер ортасында



*Әні: Ш.Қалдаяқовтікі
Сөзі: З.Шукіровтікі*

**Жайрандап жазда ағатын еді
Есімде қайран Сыр сұлу.
Таңертең сонда баратын еді
Толқынға құмар бир сұлу.**

Кайырмасы:

**Аңсатса Сыр өңірі
Ән тербер жүрегімді
Өзіңнен туған ұлың айналсын.
Жайқалған ақ күрішің
Жаралған шаттық үшін
Қайран сол Сыр сұлуды қайдасың?**

Кайырмасы:

**Тұрғандай қарап толқынды Сырға
Бір сұлу әсем жан сыры.
Сәуле бол ойнап жатқандай суда
Козінің ерке жарқылы**

Кайырмасы:

**Қайта ма сол қыз жайрандап Сырдан
Толқынды шашын күн қағып.
Қала ма қарап жағада тұрған
Күріштің басы ырғалып.**

Кайырмасы:

**Сыр бойы түгел сол қызды мақтап
Жігіттер әнін шертеді.
Тізілген тісі күріштен аппак
Сырдан да жаны ерке еді.**

ИЗБАС АМАНКҮЛ ЖОЛМАХАНҚЫЗЫ



Мен, Избас Аманқұл Жолмаханқызы, 1947 жылы 22 мамырда Қызылорда облысы Қазалы ауданы Әйтеке би кентінде дүниеге келдім.

1961 жылы №420 мектептің 7 сыныбын бітірген соң, Қызылорда қаласындағы педагогикалық училищеге оқуға түсіп, 1965 жылы бітіріп шықтым. Сол жылдан бастап №87 мектепте бастауыш сыныптың мұғалімі қызметін 1978 жылға дейін атқардым. Сол жылы Қорқыт ата атындағы педагогикалық институтынан «қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі» мамандығын алдым.

1979 – 1982 жылдар аралығында №234 Жамбыл Жабаев атындағы мектепте кластан және мектептен тыс жұмыстардың үйымдастырушысы, 1982 – 1983 жылдары оку ісінің менгерушісі, 1983 – 1997 жылдары

бастауыш сынып мұғалімдерінің жетекшісі, 1998 – 2007 жылға дейін қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі қызметімен зейнеткерлік жасқа дейін 42 жыл атқардым.

Осы жылдар ішінде 1985 жылы Қызылорда облыстық оқу бөлімінің және 1992 жылы Қазақ КСР Білім беру министрлігінің Құрмет грамоталарымен, «Еңбек ардагері» медалімен марапатталдым.





Исмагұлова Зәурештің денсаулығына байланысты толық мәлімет таба алмадым. Қызы Ляззат томендергі ақпаратты ғана жолдады. Ұл баласы осы суреттің жіберді. Оның Арап қаласында тұратынын, жұбайы қайтыс болғандығын, өзінің науқас екенін ауызекі сөйлесу барысында білдім (автор).

Қызылордадагы Мәншүк Мәметова атындағы қыздар педагогикалық училищесінде оқып, дипломы 1965 жылы берілген. 1971 жылы Н.В. Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтына түсін 1976 жылы биология факультетін бітірген. 1965 жылы 16 тамызда Арап ауданы Бөгөн ауылдық кеңестің №20 мектебінде

бастауыш сынып мұғалімі. 1967 жылы 1 тамызда Арап қаласы №177 орта мектебінің биология пәнінің мұғалімі. 1977 жылы, 12 мамырда “Жазира” балабақшасының менгерушісі болады. Осы жұмыстан 1997 жылы зейнеткерлікке шыққан.

Білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» белгісімен мараппатталғандығы туралы куәлік берілген. (1996 жылы 7 қараша). Удостоверение «За долголетие и добросовестный труд» от имени Президента Верховного Совета СССР решением исполкома Кзыл-Ординского областного совета народных депутатов от 30 декабря 1988 года, награжден медалью «Ветеран труда».





Мен, Сейтбаева Назира, Қызылорда қаласындағы №13 орта мектептің сегізінші сыныбын бітіргеннен кейін, 1961 жылы Мәншүк Мәметова атындағы педучилищеге оқуға түсіп, 1965жылы бітірдім. Бізді 1 «а» сыныбына бөлді. Сынып жетекшіміз Құлбаева апай болды. Бізді училище директоры Рысбекова Ұлмекен апай өте жылы қарсы алды. Қалай жүріп тұруды, қалай киіну, қалай сөйлеуді үйретті. Бұл апай қызы болып қалыптасуымызға үлгі болды. Кейін, облыстық атқару комитетінде бірге қызмет жасап жиі байланыста болып тұрдық. Қазір апай өмірден озды. Топырағың торқа болсын, алтын «Ұстазым».

Оку орнымында барлық жағдай жасалған. Сабактан тыс кезде түрлі үйірмелерге қатыстық. Қыздарға ең үлкен қажет қасиет – тазалық, асты дәмді дайындау, киімді күту, жарасымды киіну. Ол үшін Несіп апайымға үлкен алғыс сезімінді білдіремін. Апайыммен қазір де сыйластықтамыз. Апа сексенге келді, оте жақсы сақталған. Біздің сыныптағы қыздар Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген балауса, сары ауыз балапандар едік. Әрқайсымыз әртүрлі мінез иесіміз. Біреуі – ерке, біреуі – тік мінез, біреуі – ұяң. Ұяң мінездің иесі Болжанмен тіл табысу ауырлау болды. Ал, Нагима Дақимованың мінезіне бастапқы кезде түсіну қын еді. Өзімен бірге оқуға түскен Жұман арқылы ғана сөйлесетінмін. Бір қызықты эпизод: Нагима мотоспортқа қатысатын болды. Маған анам базарлыққа деп спорт костюмін әкеліп берген. Нагима жарысқа баратын болып, соны «киіп барайын» деп сұрап алды. Этикеткасы алынбаган, осы уақытқа дейін есімде, бағасы 18 сом. Жарыс бітті. Нагима жарыстан оралды. Алған жүлдесіне қуандық. Бірақ менің костюмымнан хабар жоқ. Сосын жайлап барып: «Нагима, костюмымға келдім, сениң қолың тимей жатырған шығар» - десем, маған бас салып ұрысты. «Сен ұрлатқанымды естіп неге сұрайсын?» - деді. Мен түк үндеңім комнатаға келіп жылағаным есімде. Неге бұлай? деген ой әлі қалмайды.

Жақында Нагима хабарласты. Қуанышты көнілімді айтып жеткізу мүмкін емес. Осы жағдайды айттып құліп алдық. Шіркін, балалық-ай!

Класымызды араласа келе тани бастағандаймыз. Менің бірден тіл табысқан қыздарым Гүлсара, Ақманат, екі Жаңыл, Роза, Зина, Құнқияш. Құнқияш дүниеден отті. Ауыр науқаста жатқанда барып тұрдым. Кейін Ақманаттың, Жаңылдың біздің үйде бас қосқанымызда бәрін еске алатынбыз. Мен сабак оқығанда тек мұғалімнің түсіндіргенімен баратынмын. Кейін Құлбаева Зағипа апайдың қағидасын ұстап госпрактика кезінде жақсы дайындалдым. Сол дайындықтың арқасында «Лучшие практиканты» қатарына қосылдым. Мемлекеттік емтихан да келіп жетті. Қоғам тану пәнінен емтихан тапсырып тұрғанда журналист келіп мениң газетке шығаруға суретке түсірмекші болды. Сол кезде Мусабеков деген ағайымыз: «Жоқ! - деп мені ығыстырып, - Қыстаубаева Зұбайраны түсір», - деді. Ана кісі аң-таң, мениң бала көнілім пәс болып қалды. Ол да бір сабак болды. Балалармен жұмыс жасағанда балаларды алаламауга тырыстым.

Жаңа Зұбайраны айтып кеттім ғой. Ол өте ибалы, мәдениеттің майына батырып алған қыз болды. Мұғалімнің қылығы үшін жауап бермейді ғой. Эбден ынғайсызданды. Сол окиғадан кейін Зұбайра өте сұлу, соғ қадірің, адам қадірін білетін қыз деген пікір қалыптасты. «Алғаның жақсы болса – мың бақыт» деген сөз осы Зұбайраға айтылғандай. Сабиттей жанын түсінетіп адал жары бар. Екеуі Қызылорданың көшелері туралы кітаптар шығарды. Қызылорда теледидарында көрсетілді. Жаңағы мұғалімді айта кетейін. Кейін, «неге бұлай?» дегенде, келген ой: бізді күріш оруға апаратын кезде мен қанша тырыссаңда ағай орақ аяғында 4-ақ сом ақы жазыпты. Мен ренжіл, «бәрі көп алғанда қай мазағының, осы ақшаны сіз-ақ алғып аяқ киім алының», - дедім. Кілең аяқ киімі дұрыс болмайтын. Содан жеккөрген еken ғой, марқұм ағай. Ағайдың сабағынан қашын Шәріп деген құрбыммен балмұздак жеуге кететінбіз. Біз екеумізді қолымызға балмұздак ұстасып қабырға газетіне шығарған. Жақын достарымның бірі – Өскеменнің қызы Жолжақсынова Зина. Ата анасы коп балалы, каникулда ауылына қайтуға еш мүмкіндігі болмағандықтан біздің үйде болатын. Зинаны анам айналып толғанып менен кем көрмейтін. 43 жылдан кейін кездесіп, бәрін еске алғып қуанып қалдық. Барлық қыздар коз алдында. Сары Бақыт, Нұрзипа, Тілеубала, Аманкул, Ақманат, Роза, Гүлсара, Болжан, Жаңыл, Жаңылдық, Естай. Әмір дегеніңіз өзен сияқты, ағысын тоқтата алмайсың. Сол артымызыдағы ұрпақтар аман болсын.

1965-1966 оку жылында Қараөзек сегіз жылдық мектебінде 5-8 кластарға орыс тілі мен әдебиетінен, 1966 жылдың сентябрь айында Қызылөзек орта мектебінің бастауыш класына сабак бердім. «Еңбектегі ерлігі» медалімен және бірнеше мақтау қағазымен марарапталдым. Жұбайым Тұрғанбаев Айтбай Жұсіпұлы мектепте дene шынықтыру пәнінің мұғалімі еken. Қарағандының Жоғарғы милиция мектебіне оқуға түсіне байланысты мен жұмыс ауыстырдым. Қарағандыдағы №94 мектеп интернатында тәрбиеші, әрі мұғалім болып қызмет атқардым. Жергілікті советтің депутаттығына ұсынды. 1974 жылы жұбайым оқу бітіргеннен кейін, Қызылорда қаласындағы №16 бала бақшада тәрбиеші болдым.

1978-1984 жылдар аралығында Қызылорда облыстық комитетінің АҚАШ бөлімінде аға инспектор, облыстық атқару комитеті жанындағы әйелдер кеңесінің торайымы болдым. Кейін денсаулығыма байланысты демалысқа шықтым. Жұбайым, Тұрғанбаев Айтбай Жұсіпұлы – зангер. «Почетный работник прокуратуры Каз ССР», юстицияның аға кеңесшісі, «Отличник МВД Каз ССР».

5баланы дүниеге әкелдім. Бір қызы 4 үл: қызыым Эльмира, Санкт-Петербургтың жоғары оку орнын бітірген; ұлым Фани, Қарағанды университетін бітірген, подполковник; Марат-әкесі бітірген Қарағандының Жоғарғы милиция мектебін бітірді. 25 жасында Қызылорда қалалық сотының судьясы, қазір Байқоңыр қаласындағы қалалық соттың төрағасы. Талғат-Астана қаласындағы Самрук-Энердже Акционерлік қоғамында заң бөлімінің басшысы. Кенжем Данияр – Қызылорда облыстық сотында бас маман. Немерелерімнің ұлкені Гулфайруз, Астанада Казак заң университетін бітірген. Бақытжан немерем – Сұлтан Демирел атындағы қазақ-түрік университетінің 3 курс студенті, болашақ зангер; Бахтияр немерем – Қорқыт Ата атындағы университетінде юриспруденция факультетінде зангер мамандығының 3 курс студенті; қалғаны мектепте, үйде. Осылай немерелерді дүниеге ақелген келіндермен тұрып жатырмыз. Улғілі отбасымен құда болдық. Келіндерім де зангерлер. Бала тәрбиесіне мән беруіме үшкен ұям, білім ордасы – педагогикалық училищенің де үлесі зор.



Жубайым Айтпаймен бірге



28.09. 2018 ж.



1 947 жылы 14 мамырда Қызылорда облысы Сырдария ауданы 1 май балық колхозында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысынан келген нағашы атам сол жерде балықшы болып жұмыс істеп, олардың барлық тамағы сол балық болатын. Нағашы атам Мұсілім анашымды ерекше мейірімімен жақсы көріп, кішкентай кезінен қасынан қалдырмай және өз басынан өткендерін айтып отыратын. Ол кісі конфискация кезінде жер аударылып, Сібірдің қысында жалаң аяқ, аш жалаңаш ауылға қалай жеткендігі туралы айтып отырады е肯. Әрине, ол бүкіл басынан кешкен қазақтың тарихы болып саналады ғой. Мұсілім атамның ұйымдастыруымен барлық бауыр туыстар Қызылорда қаласындағы бір көшениң бойына орналасқан. Жаңыл анам Гани Мұратбаев атындағы №171 мектепте 3-7 сыныпқа дейін білім алды. 1961-1965 жылдары аралығында М.Мәметова атындағы педагогикалық училищесінің «бастауыш класс мұғалімі» мамандығын игеріп, 1965 жылдың қыркүйегінен бастап ұстаздық қызметке кіріседі. 1966 жылы сол кездегі Қызылордағы педагогикалық институттың «Қазақ тілі және әдебиет» мамандығы бойынша филология факультетіне түсіп, 1972 жылы «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» дегендей, 1994 жылдан зейнеткерлікке шыққанға дейін өзінің сүйікті мамандығын адаптациялық, көптеген шәкірттерді алдынан өткізді. 1968 жылы 28 желтоқсанда әкем Әуезханмен тұрмыс құрып, үш ер, екі қыз балаларын дүниеге әкелді. Алланың берген бес перzentінен өрбіген 13 немересі, бір шөбересі бар. 2017 жылы ұлдың ұлын үйлендіріп, қыздың қызын ұзатуды нәсіп етті. Отбасымыздың аман-есен осы күнге жетуі анашымның Алла берген көркем мінезі мен сабырлылығы, даналығының арқасы деп білемін. Ағатайым Сәкен(нағашы әжем мен атамның Сәкенжаны) тепсе темір үзетін жасқа келіп, қалада «Гений Сәкен» аталып жүрген кезінде науқасқа шалдықты. Осы күнге дейін анамның үміті үзілмей емдеғіп келеді, ол да үйленіп, бала шағалы болса деп армандайды. Бесеуміз де әкеміздің қанымен, анамымыздың сүтімен дарыған математика, сурет салу, адамдармен араласу тағы басқа қырларымызбен өз орталарымызда Алла берген абырайымыз бар. Әкешім жастайынан білімпаз болып, ел басқарған. Бауырим Марат суретші, он саусағынан өнері тамған дизайнер, қолдан қалаған жиһазын жасауда. Ақмарал сінілім банкте жұмыс жасайды, адамгершілігі мол, жүрген ортасында абырайлы. Кенже бауыримыз әкесіне тартып, ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында басшылық қызметтерді абыраймен атқаруда. Мен де құр қол емеспін, математиканың жолында жүрмін.

2017 жылдың қантар айында Алла разылығы үшін анам мен кенже бауырим Қанатқа адамзаттың қасиетті жері Мекке, Мәдинаға баруға, топырағын басып құлшылығын жасауға нәсіп етті. 2015 жылдың наурызында әкем Әуезхан екеуімізге де сол қасиетті жерге барып қайту бўйырды. Алла дұға тілектерімізді қабыл етсін!

Алла қаласа биыл 2018 жылы желтоқсан айында әкем мен анамның отасқандарына 50 жыл толады еken. АЛЛА ата-анама парасатты өмір берсін!

Ері Әуезхан 2018 ж. 17.08


Ақпарат беруші – қызы Әсем.

Чын Қанам 2019 ж. 27.06 Америкада аварияға қалтты.



Менің отбасым

17.08.2018ж.



Жубайым Әүесханмен бірге





Мен, Үмбетқызы Жаңылдық, 1945 жылы 16 желтоқсанда Қызылорда облысы Арал ауданы Бөгөн елді мекенінде дүниеге келдім. Экем Еретов Үмбет ұста болған. Бес колхоздың жалғыз ұстасы болғандықтан Ұлы Отан соғысынан бронмен қалдырылыпты. Анам, Халқым қызы Қаламбике үй шаруасындағы әйел. Үш қыз, бір ұл тәрбиелеп өсірген. Мен сегізінші сыныпты бітірген соң, 1961 жылы Қызылорда қаласындағы М.Мәметова атындағы педагогикалық училищеге оқуға түсіп, оны 1965 жылы бітіріп шықтым. 1967жылы Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институттың физика-математика факультетіне сырттай оқуға түстім. 1973 жылы

аталмыш оқу орнынан математика пәнінің мұғалімі мамандығын алдым. 1966 жылы Қызылорда қаласындағы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі болып орналастым. 1965 жылы түрмис құрдым. Жұбайым Муханбедиев Өмірзак Мәскеу қаласындағы Химия-технология институтының автоматтандыру болімін «Инженер-технолог» мамандығы бойынша бітірген. 1964-1969 жылдары Қызылорда қаласындағы целлюлоза-картон комбинатында мастер, технолог, комсомол комитетінің хатшысы, 1969-1976 жылдары Қызылорда қалалық, одан кейін облыстық партия комитетінде ондіріс-транспорт бөлімінде нұсқаушы қызметін атқарды.

1976 жылы Қызылорда облысы Қармақшы ауданының аудандық кеңес атқару комитеті торағасының бірінші орынбасары болып тағайындалып, ұзақ жылдар осы ауданда қызмет атқарды. Екі ұл, үш қыз тәрбиелеп өсірдік. Олар жоғарғы білімді, өндірістің әр саласында еңбек етін жүр. Жұбайым Муханбедиев Өмірзак 1994 жылы 55 жасында омірден озды.

Мен 1976-1996 жылдар аралығында Қармақшы ауданындағы № 105 орта мектепте 10 жыл директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, 5 жыл тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет атқардым. № 105 орта мектепте 25 жыл еңбек еттім. Жоғарғы санаттағы ұстазбын. Оқушыларымды бірнеше дүркін олимпиадаларға дайыннадым. 1970 жылы В.И.Лениннің 100 жылдық мерей тойына байланысты төс белгімен және облыстық, қалалық оқу бөлімдерінің мақтау қағаздарымен марапатталдым.


1996 жылы еңбек демалысына шықтым. Қазіргі таңда 9 немере, 8 шөбере тәрбиелеп отырғанabyz әжемін.





Менің отбасым

17.08.2018*



Жубайым Әуесханмен бірге





Mен, Үмбетқызы Жаңылдық, 1945 жылы 16 желтоқсанда Қызылорда облысы Арал ауданы Бөген елді мекенінде дүниеге келдім. Экем Еретов Үмбет ұста болған. Бес колхоздың жалғыз ұстасы болғандықтан Ұлы Отан соғысынан бронмен қалдырылыпты. Анам, Халқым қызы Қаламбике үй шаруасындағы әйел. Уш қыз, бір ұл тәрбиелеп өсірген. Мен сегізінші сыныпты бітірген соң, 1961 жылы Қызылорда қаласындағы М.Мәметова атындағы педагогикалық училищеге оқуға түсін, оны 1965 жылы бітіріп шықтым. 1967 жылы Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институттың физика-математика факультетіне сырттай оқуға түстім. 1973 жылы

аталмыш оқу орнынан математика пәнінің мұғалімі мамандығын алдым. 1966 жылы Қызылорда қаласындағы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі болып орналастым. 1965 жылы түрмис құрдым. Жұбайым Муханбедиев Өмірзақ Мәскеу қаласындағы Химия-технология институтының автоматтандыру бөлімін «Инженер-технолог» мамандығы бойынша бітірген. 1964-1969 жылдары Қызылорда қаласындағы целлюлоза-картон комбинатында мастер, технолог, комсомол комитетінің хатшысы, 1969-1976 жылдары Қызылорда қалалық, одан кейін облыстық партия комитетінде өндіріс-транспорт бөлімінде нұсқаушы қызметін атқарды.

1976 жылы Қызылорда облысы Қармақшы ауданының аудандық кенес атқару комитеті тәрағасының бірінші орынбасары болып тағайындалып, ұзақ жылдар осы ауданда қызмет атқарды. Екі ұл, уш қыз тәрбиелеп өсірдік. Олар жоғарғы білімді, өндірістің әр саласында еңбек етіп жүр. Жұбайым Муханбедиев Өмірзақ 1994 жылы 55 жасында өмірден озды.

Мен 1976-1996 жылдар аралығында Қармақшы ауданындағы № 105 орта мектепте 10 жыл директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, 5 жыл тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет атқардым. № 105 орта мектепте 25 жыл еңбек еттім. Жоғарғы санаттағы ұстазбын. Оқушыларымды бірнеше дүркін олимпиадаларға дайыннадым. 1970 жылы В.И.Лениннің 100 жылдық мерей тойына байланысты төс белгімен және облыстық, қалалық оқу бөлімдерінің мақтау қағаздарымен марапатталдым.

1996 жылы еңбек демалысына шықтым. Қазіргі таңда 9 немере, 8 шөбере тәрбиелеп отырғанabyz әжемін.







Мен, Шахатқызы Ақманат Қызылорда облысы Сырдария ауданына қаасты Абай ауылында дүниеге келінпін. 1953 жылы ауыл орталағындағы мектепке барып, 1961 жылы 8 сыныпты бітідім.

Мұнан соң, Қызылорда қаласындағы Мәншүк Мәметова атындағы педагогикалық училищенің «Бастауыш класс мұғалімі» деген белімін 1965 жылы бітірдім. Сол жылы өзімнің ауылым Абай совхозына барып мектепке бастауыш сынып мұғалімі болып қызметке орналастым.

1968 жылы Қызылорда қаласында тұратын Саналы деген азаматқа тұрмысқа шықтым. Отбасылық

жағдайына байланысты Қызылорда қаласындағы №4 мектеп интернатына сонан соң, Шұғыла ауданындағы №7 мектепке ұстаз болдым. Қызмет еткен кезеңде қалалық, облыстық білім белімдерінің мадақтау қағаздарымен марапатталдым. “Еңбек ардагері”, “Озат оқытушы” төсбелгісін омырауға тақтыйм. Отбасымызда 3 үлдан 9 немере сүйдім. Жұбайым Саналы 2014 жылы дүниеден өтті. Қазір өзім зейнеткермін. Балаларымның, ағайын-туыс, достарымның ортасында құрметке бөленіп, өзім туып оскен қасиетті Сыр елінде бақытты ғұмыр кешудемін. Алыста жүрген достарыммен жиі хабарласып отыруды өзіме үлкен мәртебе санаймын.





1 947 жылы 7 маусымда Жамбыл облысы Қордай ауданы Жаңатұрмұс ауылында дүниеге келген. Орта мектептің 8 класын аяқтаған сон, 1961 жылы Қызылорда қаласындағы М.Мәметова атындағы қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық училищесіне окуға түсіп, 1965 жылы осы училищенің бастауыш мектеп мұғалімі классификациясын иемденіп шығады. 1972 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтына түсіп, 1977 жылы «Педагогика және психология(мектепке дейінгі)» мамандығы бойынша білімін жетілдіріп, диплом алады. 1965 жылы 1 қыркүйектен бастап, Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы Кіші Қамқалы ауылының Кәрім Мыңбаев атындағы орта мектепке жас маман ретінде жұмысқа қабылданып, осы мектеп қабырғасында 1995 жылға дейін үздіксіз 30 жыл енбектенді. Бастауыш мектеп мұғалімі, психолог, оку ісі жөнніндегі директордың орынбасары қызметтерін атқарып, зейнеткерлікке шықты. Еңбек жолында 1979 жылы «Халық ағарту ісінің үздігі» төс белгісімен марапатталып, ғұмырын шәкірт тәрбиелеуге арнаған жоғарғы санаттағы ұстаз атанады. Жұбайы Жеңісбек Гарыпұлымен 3 ұл, 2 қыз тәрбиелеп, оқытқан. Бәрі де жоғары білімді азаматтар. 5 баласынан 14 немересі бар. Тамара Жұмабекқызы 2011 жылы өмірден озды.

Ақпарат беруші – апасы Галина Карамолдаева



Олар мәңгі бізбен бірге!



Аза тұтып, еске алайық,

Ұмытылмас достарды.

Ұрпақтары жалғастырыш,
Жаңа өмірді бастады.



2018. 28.09

Tабиғатта- таза бұлак таудың төсін тесіп шыққан соң, үнемі тынбай ағып, тоқтамай озен, көлдерге құяды. Сол сияқты ұстаз еңбегі ешқашан толастамайды. Олар ақырын жүріп, анық басып, үйретуден жалықпайды. Олар балаға берген білімін, еткен еңбегін, жақсылығын ешқашан міндет етпейді.

«Ұстаз – өз уақытын аямаған, өзгениң бақытын аялаған жан» (Зейнолла Қабдолов) қоғамның белсенді мүшесі, парасаттылықтың дәнін егіп Үбырай Алтынсарин атамыз салған жолды жалғастыруши. Қызылорда қаласындағы М. Мәметова атындағы педагогикалық училишеннің бітіріп, 1965 жылы бір жас жауқазын қыздар қолымызға “ұстаз” деген мәртебесі бар диплом алғып, жан-жаққа жол тарттық, әрі қарай білімімізді ұштадық. Мектепке мұғалім болып орналасы, өміріміз өзіміз қалаған, бала жанының бағандығынан ажырамады. “Мұғалім-қоғамның айнасы”-дегендей, біз қай қоғамда да өзіміздің білімімізді өз балаларымызben қоса, халықтың басты байлығы болашақ қоғамның азаматтарын тәрбиелеуге аянбай еңбек еттік. Сол еңбектің арқасында құрбыларым көптеғен жетістіктерге жетті. Мәселен, Дакимова Нагима «КСРО ның Халық ағарту ісінің озық қызметкері», «Аға мұғалімі», «Әдіскер мұғалімі», КР халық ағарту ісінің озық қызметкері; Жолжақсынова Зинаїда Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері, Қазақ КСР “Халық ағарту ісінің озық қызметкері”, “Ерен еңбегі үшін” медалінің иегері. Ал Қыстаубаева Зұбайра, Исмагулова Зәуреш, Искакова Рыскүл, Қарамолдаева Тамара, “Қазақстанның білім беру ісінің үздігі” атағын алған. Сейітбаева Назира, Ержанова Базарқұл “Ерен еңбегі үшін” медалін және “Аға мұғалім” төс белгісін иеленсе, Үмбетова Жаңылдық “Лениннің 100 жылдығы” мерекелік медаліне ие болған. Қалған құрбыларым да жерғілікті кенестің депутаты, мерекелік медальдар, Құрмет грамоталар алғып көпшіліктің құрметіне бөлөнгендер. Ал өзім де елге танылған шәкірттеріммен мақтанамын. Мектепте оқушы ғана емес, кезінде жоғары оку орындарына дәріс берген студенттерім бүгінде ел мақтанышы: әнші, композитор, ақын әрі ғалым Елена Әбдіхалықова, Қызылорда облыстық ішкі істер басқарма бастығының орынбасары, полковник – Әмір Шаймағанбетов, “Сыр Медия” бірлестігінің директоры- Аманжол Онғарбаев, ақын Даусенбек Аяш тағы басқалар.

“Ұстаз болу – жүректің батырлығы,
Ұстаз болу – бар жанның жақындығы
Ұстаз болу – сезімнің адалдығы,

Тілегі тек, бар жанның амандығы...” - деп ақын жырлағандай, мұғалім – зор тұлға, күннің құдіретті сәулесі іспеттес.

Менің достарым бүгінде тостеріне марапаттарын тағып, балалары, немерес-шөберелерінің ортасында құрметке бөленин, жан- жағына шуағын шашып отырған зейнеткер әжелер...

...Күннен күнге барамыз ғой қартайып,
Бойдан қуат, жүзімізден нұр тайып,
Жастық шақта шаршағанды білмеуші ек,
Куанамыз жата кетсек жантайып.

Бала-шаға, отбасы тұр артында,
Тал мұсінің- қазір үлкен “нар тұлға”
Фейсбукпен, ватсаппенен сөйлесіп,
Өңгімеміз жиырмадағы қалпында.

Осылай біз кәрілікке жетерміз,
Бір күндері фәниден де өтерміз.
Қартаямыз, қартаю да – занұлық
Ұрпақ үшін талай терді төккенбіз...

Иә, достар! Көңіліміз қартаймасын, балаларымыздың көрсетер қызығы көп болсын. Бақытты да ұзак ғұмыр кешуді Алла нәсін етсін. Мәуелі мезғілдегі шуақты күндерде кездесіп тұрайық.


Автор.



Біз комсомол қатарына қабылдандық 1961 жыл



ТОПТЫҚ СУРЕТ



СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚОШТАСУ ӘНІ

Әні: Е. Хасанғалиев

Сөзі: Б. Тәжібаев

Білім ап саянда,
Откіздік сан жылды.
Откіздік сан жылды,
Қызықтап ән-жырды.
Ұл қызын гүл қала,
Мәпелеп тербеткен.
Киялдың қанатын,
Кияға тербеткен.

Кайырмасы:

Аттандық сапарға,
Көңілде мол арман.
Аттандық сапарға,
Тосады жол алдан.
Қалайша қиямыз,
Ұшырса ұямыз.
Біздерді тосады,
Туған ел құшағы.

Кайырмасы:

Біз таптық білімнен,
Өмірге мол арна.
Қимастық конілден
Жас келді жанарға.
Қоштасар кез келді,
Қиянға барамыз.
Ұстаздар сіздерді,
Қия алмай барамыз.

Кайырмасы.

МЕКЕН-ЖАЙ, ТЕЛЕФОН АНЫҚТАМАЛЫҒЫ

<i>№</i>	<i>Аты-жөні</i>	<i>Мекен-жайы</i>	<i>Телефоны</i>
1	Әбуова Куләш	Тасбөгет қыст., Жансина, 29	8771-478-2675
2	Әйтімова Болжан	Қызылорд.обл, Арал ауд., Сексеуіл кенті, Сейфуллин көш., 10 үй	8775-725-4108
3	Биболова Заман 8778 573 54 90	Шымкент қ., Момышұлы көш., 29 үй, 22 пәтер	8700-175-7115
4	Дакимова Нагима	Балхаш қ., Желтоқсан көш., 14 үй, 5 пәтер	8747-494-6732
5	Ержанова Базарқұл	Шымкент қ., «Асар» м/а, Новостройка, 8 үй, 4 пәтер	8707-757-1856
6	Жантенова Гүлсара	Алматы қ., Әйтей ауылы, Ұлытау көш., 1 үй	8705-710-7467
7	Жолжақсынова Зинаида	Алматы қ., Мамыр-4 м/а, 305 үй, 16 пәтер	8-778-562-8676
8	Жәлиева Зияш	Қызылорда қ., Мерей м/а, 22 үй, 2 пәтер	8-771-201-7453
9	Искакова Рыскүл	Шымкент қ., Мектеп өткелі, 93 үй,	Үйі 49-81-24
10	Избасова Аманқұл	Қазалы бекеті, Эйбергенов көш., 20 үй	8-775-319-9840
11	Исмағұлова Зәуреш	Арал қ., Жайлышбаев көш., 7 үй	8-775-848-6483
12	Қыстаубаева Зұбайра	Алматы қ., Таугүл м/а, 13 үй, 22 пәтер	8-747-856-1130
13	Нұсірова Нұрзипа	Алматы қ., Наурызбай ауд., Бестекбаев көш., 59 үй	8-707-335-7155
14	Сахинова Жұмабала	Балхаш қ., Шашубай көш., 23 үй, 13 пәтер	8-708-878-1561
15	Сейітбаева Нәзира	Қызылорда қ., Әбуов көш., 47а үй	8-707-984-6863
16	Үмбетова Жаңылдық	Қызылорда қ., Рустембеков көш., 20 үй	8-705-711-8270
17	Ұзақбаева Жаңыл	Қызылорда қ., Төреқұлов көш., 24 үй <i>Корыт ала көне күнисінде.</i>	8-701-806-3930
18	Шахатова Ақманат	Қызылорда қ., Квартальная көш., 2 үй	8-771-544-9571 8 777 408 0214

№	МАЗМҰНЫ	беті
1.	Алғы сөз.....	5
2.	Қызылорда суреті.....	6
3.	Ескі пед училище корпусы, жатақхана.....	7
4.	Жана корпус.....	8
5.	Естеліктер сыр шертеді. Естелік суреті.....	9
6.	«Қайдасындар достарым»(өлең).....	15
7.	Алматы көрінісі (сурет).....	16
8.	«Алматы жүргегімде» (олен).....	17
9.	Жантенова Г.....	18
10.	Жолжақсынова З.....	20
11.	Қыстаубаева З.....	22
12.	Нұсіпова Н.....	27
13.	Балхаш колі (сурет).....	30
14.	Дакимова Н.....	31
15.	Сахинова Ж.....	34
16.	Шымкент көрінісі (сурет).....	35
17.	Биболова З.....	36
18.	Ержанова Б.....	38
19.	Искакова Г.....	40
20.	Қызылорда көрінісі (сурет).....	42
21.	«Армандастар» (олен).....	43
22.	Әбуова К.....	44
23.	Әйменова Б.....	46
24.	Әжібаева З.....	47
25.	Ш.Қалдаяқов «Сыр сұлуы» (өлең).....	49
26.	Избасова А.....	50
27.	Исмағулова З.....	51
28.	Сейтбаева Н.....	52
29.	Ұзақбаева Ж.....	55
30.	Ұмбетова Ж.....	57
31.	Шахатова А.....	59
32.	Қарамолдаева Т.....	60
32.	Ұмытылмас бейнелер.....	61
33.	Ұстаз - ұлағатты есім.....	62
34.	Топтық сурет.....	64
35.	«Студенттердің қоштасу әні» (олен).....	65
36.	Мекен-жай, телефон анықтамалары.....	66
37.	Мазмұны.....	67







Авторы – Зұбайра Қыстаубаева.

Редакторы – Сәбит Иманғалиев.

Компьютерде теріп, беттеген – Шыңғыс Аңсат.

Дизайнер верстальщик - Роман Боровков

Таралыма – 50 дана.

Баспахрананың мекен-жайы – Алматы қаласы

Бөгенбай батыр көшесі, 312 үй, ИП «Боровков Р.Ю.»,
тел. +7 (727) 374-32-53, 8 707 207 2006.



